

 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

желі – сеть

бөлім – отдел

қоңырау – звонок

оператор – оператор

батырма – кнопка

кеңесші – консультант

басты мәзір – главное меню

өту – перейти

күту – ожидать

теру – подбирать

жазылу – подписаться

байланысу – связаться

бағалау – оценивать

хабарлау – сообщить

орнату – установить

қайта оралу – возвращаться

 2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

басты _____

кеңесшіге _____

қоңырау _____

ақпараттар бөліміне _____

желіде _____

оператормен байланыс _____

батырманы _____

оператордың жұмысын _____

 3. Сөз тіркестерін аудармасымен сәйкестендіріңіз.

1. кеңесшіге жазылу

2. ақпараттар бөліміне өту

3. оператормен байланыс
орнату4. оператордың жұмысын
бағалау

5. басты мәзір

6. қоңырау шалу

7. желіде күту

8. батырманы басу

а) перейти к разделу информация

ә) оценка работы оператора

в) запись к консультанту

г) установить связь с оператором

ғ) звонок

д) главное меню

ж) нажать кнопку

з) ожидание в сети

6-САБАҚ

4. Берілген сөздерді пайдаланып SMS хабарламаны толықтырыңыз.

Картаны _____ үшін
 Шот _____ үшін
 Ақпараттар бөліміне _____ үшін
 Қазақ тілін _____ үшін
 Оператордың жұмысын _____ үшін

Шылау сөз: үшін
 Басты мәзірге қайту үшін.
 Қазақ тілін таңдау үшін.
 Оператормен байланысу үшін.

бағалау

таңдау

ашу

өту

шығару

бұғаттау

5. Тыңдаңыз.

Есте сақтаңыз!

Өтінеміз, желіде қалыңыз. – Пожалуйста, оставайтесь на линии.
 Өкінішке қарай барлық операторлар бос емес. –
 К сожалению все операторы заняты.
 Сізге алғашқы босаған оператор қызмет көрсетеді. –
 Вас обслужит первый освободившийся оператор.
 Оператордың жауабын күтіңіз. – Ждите ответа оператора.
 Оператордың жұмысын бағалаңыз. – Оцените работу оператора
 Қоңырауыңыз жазылуда – Разговор записывается

40

6-САБАҚ

6. Берілген сөздердің көмегімен сөйлемдерді толықтырыңыз.

Қоңырауыңыз
 _____ !

Сізге алғашқы
 босаған оператор
 _____ көрсетеді.

Оператордың жауабын
 _____ .

Оператордың жұмысын
 _____ .

Өтінеміз, желіде
 _____ .

Өкінішке қарай
 барлық операторлар
 _____ .

қызмет

күтіңіз

бағалаңыз

қалыңыз

жазылуда

бос емес

Қайырлы күн!

Мен сіздің виртуалды кеңесшіңіз Айғаныммын.

Сіз « _____ » _____ қоңырау шалдыңыз.

Қоңырауыңыз жазылуда

_____ 1 батырмасын басыңыз.

Мобильді қосымша туралы _____ 2 батырмасын басыңыз,

Картаға _____ 3 батырмасын басыңыз,

«Оператормен байланыс орнату» үшін желіге күтіңіз,

Басты _____ 0 батырмасын басыңыз.

 8. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

_____ 1 батырмасын басыңыз.

_____ 2 батырмасын басыңыз.

_____ 3 батырмасын басыңыз.

_____ желіге күтіңіз.

_____ 0 батырмасын басыңыз.

– Қайырлы күн! Атым – Нұркен, сізді тыңдап тұрмын. –

Добрый день! Меня зовут Нуркен, я Вас слушаю.

Қандай көмегім керек? – Чем могу быть Вам полезен?

– Сәлеметсіз бе! Мен картамды жоғалтып алдым.

Картамды бұғаттаңызшы. –

Здравствуйте! Я потерял свою карту. Заблокируйте мою карту.

– Картаны бұғаттау үшін аты жөніңізді айтыңызшы. –

Чтобы заблокировать карту, скажите свое имя.

– Бабашева Меруерт Дәулетқызы – Бабашева Меруерт Даулетовна

– ЖСН нөміріңіз қандай? – Какой у вас номер ИИН?

– 891011121234 – 891011121234

– Қай қаладан хабарласып тұрсыз? – Из какого города Вы звоните?

– Қарағанды қаласынан. – С города Караганды.

– Картаңыз бұғатталды. – Ваша карта заблокирована.

– Оператордың жұмысын бірден беске дейін бағалаңыз. –

Оцените работу оператора от одного до пяти.

– Рақмет. Сау болыңыз! – Спасибо. До свидания!

Атым – Айзат, сізді тыңдап тұрмын.	1
ЖСН нөміріңіз қандай?	
Қарағанды қаласы, Нүркен Әбдіров даңғылы, 34 -үй	
Оператордың жұмысын бағалау үшін	
Картаңыз бұғатталды.	
Қай қаладан хабарласып тұрсыз?	
Қандай көмегім керек?	

11. Сұқбатты оқыңыз.

– Қайырлы күн!

– Қандай көмегім керек?

– Қарағанды қаласы, Нүркен Әбдіров даңғылы, 34-үй.

– Сау болыңыз!

– Сәлеметсіз бе!

– «Тұмар» банкі қайда орналасқан?

– Рақмет. Сау болыңыз!



1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

салық – налог

айыппұл – штраф

салымдар – пополнения

жеке шот – лицевой счет

пайызсыз несие – безпроцентный кредит

шот ашу – открытие счёта

несие алу – брать кредит

депозит ашу – открыть депозит

несие рәсімдеу – оформлять кредит

картаны бұғаттау – блокировать карту

шотты толтыру – пополнить счёт

шотқа ақша аудару – перевести деньги на счёт

банк арқылы аудару – перевести через банк

халықаралық аударым – международный перевод

өзге тұлғаның шотына аудару – перевести на счёт иного лица

жеке тұлғаның шотына ақша аудару – перевести деньги на счёт физического лица





- Сізге қандай көмегім керек? – Чем я могу вам помочь?
- Карта ашайын деп едім – Хотел бы открыть карту
- Жеке куәлігіңізді беріңіз – Дайте удостоверение личности
- Алыңыз – Возьмите пожалуйста
- Қайда жұмыс істейсіз? – Где работаете?
- Мектепте жұмыс істеймін – Работаю в школе
- Айлығыңыз қанша? – Какая у вас зарплата?
- Қосымша табыс көзі бар ма? – Есть ли дополнительный источник дохода?
- Қосымша табыс көзі бар/жоқ – дополнительный источник дохода есть/нет
- Суретке түсіремін – фотографирую
- Камераға қараңыз – посмотрите на камеру
- Қолыңызды қойыңыз – поставьте подпись



- Сізге қандай _____? – Чем я могу вам помочь?
- Карта _____ – Хотел бы открыть карту.
- Жеке куәлігіңізді _____ – Дайте удостоверение личности.
- _____ – возьмите.
- Қайда жұмыс _____? – Где работаете?
- Мектепте жұмыс _____ – Работаю в школе.
- Айлығыңыз қанша? – Какая у вас зарплата?
- Қосымша табыс көзі _____? – Есть ли дополнительный источник дохода?
- Қосымша табыс көзі бар/жоқ – дополнительный источник дохода есть/нет
- Суретке _____ – фотографирую
- Камераға _____ – посмотрите на камеру
- Қолыңызды _____ – поставьте подпись



4. Қажетті сөздерді жазыңыз.

- Сізге қандай _____ ?
- Карта _____ .
- Жеке куәлігіңізді _____ .
- Міне, _____ .
- Қайда жұмыс _____ ?
- Мектепте жұмыс _____ .
- Айлығыңыз қанша?
- Қосымша табыс көзі _____ ?
- Қосымша табыс көзі _____ / _____ .
- Суретке _____ .
- Камераға _____ .
- Қолыңызды _____ .

Қажетті сөздер: көмегім керек, ашайын деп едім, беріңізші, алыңыз, істейсіз, істеймін, бар ма, бар/жоқ, түсіремін, қараңыз, қойыңыз.



5. Оқыңыз.

- Картамның жарамдылық мерзімі аяқталды – Закончился срок годности карты
- Терминалға жүріңіз – Пройдите пожалуйста к терминалу
- Картаны терминалдан аламыз – берем карту с терминала
- Бұл сіздің уақытыңызды үнемдейді – это экономит ваше время
- Телефон нөміріңізді жазыңыз – напишите номер телефона
- Телефонға келген кодты жазыңыз – напишите код, который пришел на телефон
- Пин код орнатыңыз – установите Пин-код
- Картаңызды алыңыз – возьмите карту



6. Берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

Картамды
Картамды
Картаны терминалдан
Жеке сәйкестендіру нөмірін
Телефонға келген кодты
Картаңызды

алыңыз
теріңіз
алыңыз
жоғалтып алдым
теріңіз
бұғаттайын деп едім



7-САБАҚ

7. Жасырынған сөздерді табыңыз.

ж	е	к	е	к	ш	о	т
к	а	р	т	а	с	п	ө
о	п	е	н	л	а	а	л
з	к	г	е	ы	л	й	е
и	е	и	с	қ	ы	ы	м
т	к	т	к	к	м	з	с

8. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Депозит _____ келеді.

Несие _____ келеді.

Карта _____ келеді.

Ипотека _____ келеді.

Ақша _____ келеді.

Ақша _____ келеді.

7-САБАҚ

9. Есте сақтаңыз.

Етістік + (ғы, гі), (қы, кі + м, ң, ңыз)

Сенің автонесие ал+ғы+ң

Сіздің автонесие ал+ғы+ңыз

Оның автонесие ал+ғы+сы

Менің автонесие ал+ғы+м

Сенің автонесие ал+ғы+ң

Сіздің автонесие ал+ғы+ңыз

Оның автонесие ал+ғы+сы

келе ме?

10. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Үлгі: Менің несие ал +ғы +м келеді.

Сенің несие ал+ғы+ң келеді

Сіздің несие ал+ғы+ңыз келе ме?

Оның несие ал+ғы+сы келе ме?

-ғы/-гі

-қы/-кі

Менің депозит аш _____ келеді.

Менің ұй ал _____ келеді.

Менің несие төле _____ келеді.

Менің ипотека жап _____ келеді.

Менің шот толтыр _____ келеді.

Менің ақша аудар _____ келеді.

Менің ақша жібер _____ келеді.

Менің несие рәсімге _____ келеді.



- Аты-жөніңіз кім?
- Аты жөнім – Мақсат Омарұлы.
- Қандай көмегім керек?
- Несие алғым келеді.
- Жеке куәлігіңізді беріңізші. Қанша теңге несие алғыңыз келеді?
- 2 000 000 теңге алғым келеді.
- Айлығыңыз қанша?
- Айлығым 200 000 теңге.
- Неше жылға алғыңыз келеді?
- 1 жылға алғым келеді.

Сізге 7%-бен несие береміз. Айдың 10-на дейін.
140 000 теңгеден төлейсіз. Төлей аласыз ба?

- Иә, төлей аламын.
- Ақша жеке шотыңызға түседі.
- Рақмет. Сау болыңыз!



- Аты-жөніңіз кім?
- Аты жөнім – Әлия Нұрланқызы.
- Қандай көмегім керек?
- Несиені мерзімінен бұрын төлегім келеді.
- Жеке куәлігіңізді беріңізші.
- Сіздің 1 300 000 теңге қарызыңыз бар. Төлейсіз бе?
- Иә, төлеймін.
- Төлемді қалай жасайсыз?
- Қолма-қол төлеймін.
- Кассаға барыңыз. Сіздің несиеніз толық төленді.
- Рақмет! Сау болыңыз!



- Аты-жөніңіз кім?
- Аты жөнім – Камила Талғатқызы.
- Қандай көмегім керек?
- Ипотеканы мерзімінен бұрын жапқым келеді.
- Жеке куәлігіңізді беріңізші.
- Сіздің 2 300 000 теңге қарызыңыз бар. Төлейсіз бе?
- Иә, төлеймін.
- Төлемді қалай жасайсыз?
- Картамен төлеймін.
- Кассаға жүріңіз.
- Сіздің ипотекаңыз жабылды.
- Рақмет! Сау болыңыз!



8-САБАҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРІН ТАҢДАҢЫЗ

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

мерзім – срок

батырма – кнопка

бөлімше – отдел

жеке тұлға – физическое лицо

заңды тұлға – юридическое лицо

қолма-қол ақша – наличка

ашу – открыть

өту – пройти

басу – нажимать

тұру – стоять

таңдау – выбирать

тіркелу – зарегистрировать

толтыру – заполнить

орындау – выполнить

2. Сөз тіркестерін аудармасымен сәйкестендіріңіз.

банктік қызметтер

банк арқылы аудару

халықаралық аударымдар

жеке шот

пайызсыз несие

кезек нөмірі

перевод через банк

международные переводы

номер очереди

безпроцентный кредит

банковские услуги

личный счет